

Құрамында жүрек гликозидтері
бар **Тақырыбы:** дәрілік өсімдіктер

шикізатын стандарттаудың
биологиялық және химиялық
әдістері. Карденолидтер.
Буфадиенолидтер.



Топ : ФА-13 002-02

Курс : 4

Орындаған : Тағабай А.

**Қабылдаған : Алдасугурова
Ш.**



- **Жүрек гликозидтері** (грекше *glykys* – тәтті) - өсімдік текті азотсыз қосылыстар, декомпенсацияланған миокардқа кардиотоникалық әсер береді және жүрек жетімсіздігін емдеу мақсатында қолданылады.



Жүрек гликозидтері бар өсімдіктердің дәрілік қасиеттері Көне Мысырда белгілі болған. Біздің дәуірімізге дейін 1600 жыл бұрын теңіз пиязы оның тітіркендіруші қасиетіне қарай құстыратын, қабынуға қарсы, іш жүргізетін және зәр айдаушы дәрі ретінде қолданылады. XVIII ғасырдың соңында ғылыми медицинада жүрек гликозидтері қолданыла бастады. 1785 жылы ағылшын дәрігері Уильем Уитерингтің (1741-1799) «Оймақгүл жайлы, оның емдік Әсердері жайлы хабарлау» атты еңбегі жарық көрді және келесі бір оның еңбегі «Ісінулерді және басқа ауруларды емдеу».



- Жүрек гликозидтері түссіз немесе ақшыл , иіссіз, қышқыл дәмі бар кристалды зат болып табылады.
- Жүрек гликозидтерінің көбі этил және метил спирттерінде жақсы ериді. Суда қиын ериді. Органикалық еріткіштерде әр қайсысы әр түрлі ериді.



Жүрек гликозидтерін дәрілік өсімдіктерден алады



- қара қошқыл оймақгүл (Батыс Еуроппа),
- ірі гүлді оймақгүл (Ресейдің Еуроппалық бөлігі Солтүстік Кавказ, Орал),
- түкті оймақгүл (Балқан түбегі, Молдавия),
- сарыгүлден (Ресейдің Еуроппалық бөлігі, Орта Азия, Қырым, Солтүстік Кавказ),
- көктем жалынгүлінен (Ресейдің Еуроппалық бөлігінің оңтүстігі және орта жолағы, Украина, Орта Азия, Сібір),
- масыр інжугүлінен (Ресейдің Еуроппалық бөлігі, Кавказ),
- Комбе строфанты (Шығыс Африка),
- теңіз пиязы (Орта жерорта теңізі).



р/н.	дәрілік өсімдіктердің атаулары	тұқымдастары	дәрілік өсімдіктердің шикізаттары	дәрілік өсімдік шикізаттарының қолданылуы	химиялық құрамы бойынша жіктелуі
1.	Комбе строфанты Строфант Комбе <i>Strophanthus Kombe</i>	Кендірлер Кутровые <i>Arosynaceae</i>	Тұқымдары Семена <i>semina</i>	Строфантин К, строфантидин ацетаты препараттары алынады. Строфантин К препараты жүрек-қан тамырлары жұмысының жетімсіздігінде қатаң миокард инфарктінде, қан айналуының созылмалы жетімсіздігінің ауыр формаларында қолданылады. Строфантидин ацетат кардиотониялық әсер береді, строфантидин кумуляция бермейді.	Жүрек гликозидтері.
2.	Шашыңқы ақбаскурай Желтушник раскидистый <i>Egysimum diffusum</i>	Қырыққабаттар Капустные <i>Brassicaceae</i>	шөбі трава <i>herba</i>	Жүректің ревматикалық ақауларында, стенокардияда, вегетативті неврозда қолданылады.	
3.	Мамыр меруертгүлі Ландыш майский <i>Convallaria majalis</i>	Лалагүлдер Лилейные <i>Liliaceae</i>	шөбі трава <i>herba</i> (жапырағы мен гүлі)	Коргликон және меруертгүлдің тұндырмасын жүрек неврозында, қан айналуының қатаң және созылмалы жетіспеушілігінде қолданады.	
4.	Көктемдік жанаргүл Горицвет весенний <i>Adonis vernalis</i>	Сарғалдақтар Лютиковые <i>Ranunculaceae</i>	шөбі трава <i>herba</i>	Жүрек қызметінің созылмалы жетіспеушілігі, жүрек неврозында; броммен бірге жоғары жүйке қозуында, ұйқысыздықта, эпилепсияда қолданылады. Препараттары – адонизид – жаң галенді препарат, сулы тұнбасы. «Адонис-бром» таблеткасының құрамында, Бехтерев таблеткаларының және т.б. құрамында кездеседі.	
5.	Қара қошқыл оймақгүл Наперстянка пурпуровая <i>Digitalis purpurea</i> Ірі гүлді оймақгүл Наперстянка крупноцветковая <i>Digitalis grandiflora</i> Түктігүлді оймақгүл Наперстянка шерсистая <i>Digitalis lanata</i>	Жасаңшөптер Наперстянковые <i>Scrophularaceae</i>	Жапырақтары Листья <i>Folia</i>	Қара қошқыл о. Препараттары жүрек қан тамырларының жұмысын реттейтін дәрі ретінде, II және III сатыдағы қан айнарудың бұзылуларында, гипертониялық ауруларда қолданылады. Оймақгүлдің гликозидтері жүрек систоласын күшейтеді және диастоланы тереңдетеді, жүрек қағуын бәсеңдетеді және зат алмасуын жақсартады. Оймақгүлді препараттарының кумулятивтік ксиеттері бар. Татты о. препараттары қолданылуы жөнінен күлгін о. препараттарымен бірдей, кумулятивтік	

- Өсімдікте біріншілік (генциндік) жүрек гликозидтері болады. Өсімдіктерді құрғатып сақтағанда жүрек гликозидтерінен глюкозаның 1 молекуласы бөлінеді, сонымен екіншілік жүрек гликозидтері түзіледі. Медицина тәжірибесінде біріншілік және екіншілік жүрек гликозидтері қолданылады. Жүрек гликозидтерінің молекулалары 2 бөліктен тұрады- қантты (гликон) және қантсыз (агликон), олар бір бірімен эфир байланыстары арқылы жалғасқан. Гликондар жүрек гликозидтерінің фармакокинетикасына әсер етеді. Гликондар табиғатта кең тараған қанттермен беріледі D-глюкоза, D-фруктоза, D-ксилоза, L-рамноза, сонымен қатар тек қана жүрек гликозидтері құрамына кіретін қантамырмен – D-дигитоксоза, D-цимароза

- 5 мүшелі лактон сақиналары бар жүрек гликозидтері карденолидтер деп аталады. 6 мүшелі лактон сақиналары бар жүрек гликозидтері буфадиенолидтер классына жатады. Көптеген жүрек гликозидтері карденолидтер болып табылады. Буфадиенолидтер теңіз пиязында, бақаның тері бездерінің бөліндісінде табылған. Жануарлар жүрек гликозидтерін түзіп оны жыртқыштардан сақтану құралы ретінде пайдаланды.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ !!!